

*А.Б. Сарсенбаев*¹, М.М. Айтказина²*

*¹тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Логистика және көлік академиясының профессоры,
Алматы, Қазақстан.*

<https://orcid.org/0000-0003-1780-2977>

E-mail:zhigit1991@mail.ru

*²тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Логистика және көлік академиясының
қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан.*

<https://orcid.org/0000-0002-7896-418>

ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІНІҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

Аңдатпа

Аталмыш мақалада, халықтың ауызша тарих айту дәстүріне негізделіп, қазақ тарихының кейбір мәселелерін, ауызша тарих айту дәстүрінің басты көрсеткіші – шежіренің қысқаша зерттелу тарихына көңіл бөлінген.

Көшпенді дала өркениетінің ерекшеліктерін түсіну үшін тек қана батыстық немесе шығыстық дерек көздері жеткіліксіз. Себебі, кей деректер қазақ халқының, көшпелі тайпалардың тарихи ерекшеліктерін баяндауға емес, олардың теріс және кеміс жақтарын сипаттап, төмендетуге және саналы түрде бұрмалауға бағытталған. Яғни, сол халықтың ерекшеліктерін сол халықтың ұрпақтары мен сол елдің өкілдерінен артық білу екінің бірінің қолынан келе бермейтін күрделі іс. Тарихтың осындай кезеңдері мен оның ерекшеліктерін зерттеу кезінде ұлттық төлдеректерді пайдаланудың маңыздылығы зор. Ұлттық төлдеректердің қатарына, халық ауыз әдебиеті (аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер, ертегілер, т.б.) және ауызша тарих айту дәстүрі (шежіре, ата-тек тарату, т.б.) жатады.

Мақала, он бесінші – он сегізінші ғасырлардағы қазақ халқының мәдениеті мен әлеуметтік құрамына және он тоғызыншы ғасырдың аяғы мен жиырмамыншы ғасырдағы қазақ ауызша тарихын зерттеуші жақын шетел ғалымдары мен қазақ зиялыларының тарихи көзқарастарына қатысты мәселелерді зерттеуде үлкен көмегін тигізеді.

Түйін сөздер – Қазақ тарихы, ауызша тарих, шежіре, ата-тек, жеті ата, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, Ш.Уәлиханов, М.Көпейұлы, тарихи деректер, ұлттық тарих.

*А.Б. Сарсенбаев *¹, М.М. Айтказина²*

*¹кандидат исторических наук, доцент, профессор Академии логистики и транспорта,
Алматы, Казахстан.*

<https://orcid.org/0000-0003-1780-2977>

E-mail:zhigit1991@mail.ru

*²кандидат исторических наук, доцент, ассоц. профессор Академии логистика и транспорта,
Алматы, Казахстан.*

<https://orcid.org/0000-0002-7896-418>

КРАТКАЯ ИСТОРИЯ КАЗАХСКОЙ ГЕНЕОЛОГИИ

Аннотация

Данная статья рассматривает специфику кочевой культуры – священные предания, язык, письменность и т.д., начиная с XV по XX вв. В материальной сфере проанализированы особенности экономического уклада, ведения хозяйства, обычаев и обрядов казахов, составляющие часть культуры социума, что поможет исследователям понять основные истоки и многогранность кочевой культуры Великой степи. Западные источники в недостаточной степени отражают особенности формирования кочевой степной цивилизации. Это было связано с тем, что отдельные источники несут в себе информацию только справочного характера. В этой связи цель представленной статьи - опираясь на устноисторические источники проанализировать специфику традиционной культуры казахского

народа. Географический ареал территории, населенной издревле предками, отпечатывается в сознании народа как святыя места, состоящие из священных гор, рек и озер, долин и холмов, могил, где обитают духи предков и т.п. Их священность завещана в наследство грядущим поколениям в легендах и мифах, сказаниях и изречениях.

Данная статья, оказывает большую помощь в изучении вопросов казахской устной истории и исторических взглядов ученых и интеллигенции.

Ключевые слова - история Казахстана, генеалогия, семь колен, Ш.Кудаибергенов, А.Байтурсынов, Ш.Валиханов, М.Копеев, исторические данные, национальная история.

*A.B. Sarsenbayev*¹, M.M. Aitkazina²*

*¹Candidate of historical science, Professor of Academy logistic and transport,
Almaty, Kazakhstan.*

<https://orcid.org/0000-0003-1780-2977>

E-mail: zhigit1991@mail.ru

*²Candidate of historical science, Associate Professor Academy logistic and transport,
Almaty, Kazakhstan*

<https://orcid.org/0000-0002-7896-418>

BRIEF HISTORY OF KAZAKH GENEALOGY

Abstract

This article considers the specifics of nomadic culture - sacred traditions, language, writing, etc., starting from the XV to the XX centuries. In the material sphere, the peculiarities of the economic structure, farming, customs and rites of Kazakhs, which form part of the culture of society, are analyzed, which will help researchers understand the main origins and multitude of nomadic culture of the Great Steppe.

Western sources do not sufficiently reflect the features of the formation of nomadic steppe civilization. This was due to the fact that some sources carry information of a reference nature only. In this regard, the purpose of the presented article is to analyze the specifics of the traditional culture of the Kazakh people based on oral history sources. The concept of "ancestral land" is sacred to nomads, it guarantees the integrity of its own territory, at the same time it is recognition of the inviolability of neighboring lands. Intercommunal relations arise on the basis of recognition of the sovereignty of the territories. The geographical range of the territory inhabited from ancient times by ancestors is imprinted in the consciousness of the people as holy places consisting of sacred mountains, rivers and lakes, valleys and hills, graves where the spirits of ancestors live, etc. Their sanctity is bequeathed to future generations in legends and myths, tales and sayings.

Keywords - history of Kazakhstan, genealogy, seven tribes, S.Kudaibergenov, A.Baitursynov, S.Valikhanov, M.Kopeev, historical data, national history.

Кіріспе. Қазақстан тарихының басты дерек көздері ретінде шығыстық, батыстық және қытай деректерін кеңінен қолдану, тарихты жан-жақты салыстырмалы түрде зерттеуге өзіндік көмегін тигізетіні анық. Дегенімен де әр ұлттың, әр аймақтың, әр халықтың өзіндік ерекшеліктерін, мәдени құндылық-тарын, әртүрлі тарихи кезеңдердің халық тағдырына әсерін атап көрсетпеуге болмайды. Қазақ халқының қалыптасуы мыңдаған жылдар бойында жүрген күрделі үрдістерден тұрады. Оның үстіне қазақ жерінде ежелгі дүние мен орта ғасырлар кезінде, мәдениеті мен тілі, діні мен ділі әртүрлі тайпалар көшіп-қонып жүріп, өзара іштей араласу мен ықпалдасудың нәтижесінде ортақ мәдени және өркениеттік орта қалыптасты. Осындай ірі дала өркениетінің ерекшеліктерін түсіну үшін тек қана батыстық немесе шығыстық дерек көздері жеткіліксіз. Себебі, кей деректер қазақ халқының, көшпеді тайпалардың тарихи ерекшеліктерін баяндауға емес, олардың теріс және кеміс жақтарын сипаттап, төмендетуге және саналы түрде бұрмалауға бағытталған. Сондықтан да, халқымыздың кейбір тарихи ерекшеліктерін кеңінен сараптау үшін, ең алдымен сол халықтың төлдеректеріне сүйенуіміз қажет болады. Яғни, сол халықтың ерекшеліктерін сол халықтың ұрпақтары мен сол елдің өкілдерінен артық білу екінің бірінің қолынан келе бермейтін күрделі іс. Тарихтың осындай кезеңдері мен оның ерекшеліктерін зерттеу кезінде ұлттық төлдеректерді пайдаланудың маңыздылығы зор.

Өзектілігі. Мақала тақырыбының *басты өзектілігі*, осы уақытқа дейінгі шежіренің толық тарихнамасының болмауы және зерттелу тарихының әлі де толық жүйеленбегенін ескере келе, мақалада 18-ғасырдың аяғы мен 20-ғасырдың басындағы қазақ шежіресі жайлы жазылған еңбектер тарихи хронологиялық жолмен беріле отырып, деректанулық тұрғыдан талдау жасалуында. Бұл

мақалада тарихнамалық-деректанулық бағытты қатар алып жүреді. Сонымен қатар, мақалада берілген авторлар-дың еңбектері осы уақытқа дейін шежіре жайлы жазылған еңбектерде жеке түрде толық талдаудан өтпегендігі мақаланың тағы бір өзектілігін көрсетеді.

Мақсат, міндеттері. Мақала авторларының алдына қойған *басты мақсаты*, халықтың ауызша тарих айту дәстүріне негізге ала отырып, қазақ тарихының кейбір мәселелерін, ауызша тарих айту дәстүрінің басты көрсеткіші – шежіре арқылы ашуға болатынын көрсету болып табылады.

Осы мақсаттан шыға отырып, алдыға қойылған кейбір *міндеттерді* шешуді көздейді. Атап айтсақ, біріншіден шежіреге қатысты талдауға түсіп отырған еңбек авторларының көзқарасын тарихи тұрғыдан көрсету. Екіншіден, мақалада берілген еңбектердегі шежіренің сыныпталу мәселесін көрсетіп, талдап өту. Үшіншіден, әр тарихи кезеңдерде жазылған еңбектерді өзара салыстыру арқылы өзіне тән ерекшеліктерін көрсету және шежіренің - ұлттық тарихтың басты дерегі ретінде маңыздылығын ашу.

Методологиялық бөлім және дереккөздер. Бұл мақалада біз тарихи зерттеулерде көп қолданылатын – салыстырмалы - тарихи әдісті, уақыт бойынша жүйелейтін –мерзімдік әдісті және жалпы қоры-тынды шығаруға көмектесетін логикалық және жүйелілік әдістерді қолданамыз. Сонымен қатар, осы уақытқа дейінгі шыққан еңбектерге сараптама жасай отырып, талдау әдісін де пайдаланамыз. Мақаланың деректік қорларына, осы уақытқа дейін шыққан қарастырылып отырған мәселе бойынша отандық және көршілес мемлекеттерде жарық көрген жазбаша шежіре нұсқалары мен ауызша шежіре жинақтары жатады.

Талқылау. Қазақ шежірелерінің жазбаша нұсқалары ХІХ ғ. аяғы мен ХХ ғ. басында жарық көре бастады. Ол шежірелердің авторлары сол кезеңнің білімді азаматтары – Қ. Халид, Ш. Құдайбердіұлы, М.Ж. Көпейұлы, т.б. 1910-1911 жылдары Қ. Халид пен Ш. Құдайбердіұлының еңбектері жарыққа шықса, бұдан ертеректе 1903 және 1907 жылдары Н. Наушабайдың және М.Ж. Көпейдің еңбектері баспадан шыққан болатын. Бұл еңбектің әрқайсысының өзіндік құндылығы, өзіндік ерекшелігі бар. Бұл еңбектерде тек қана қазақтардың дәстүрлі тарих айту салты ғана емес, оған араласа мұсылман – араб дүниесінің де сарқыншақтары кездеседі. Әр еңбекте әртүрлі көзқарастар келтіріледі, әр еңбекте қазақтар түркі, мұсылман әлемінен жеке қарастырылмайды және әр автордың деректері әртүрлі бағытта беріледі. Мысалға, кезінде Қ. Халид көбінесе шығыс авторларының мәліметтеріне сүйенсе, Ш. Құдайбердіұлы шығыс пен батыс деректерін қатар алып жүрсе, ал Мәшіһүр Жүсіп көбінесе дәстүрлі шежіреші қариялардың деректеріне сүйенген болатын [1; 15 б.]. Н. Наушабайұлы қазақ шежіресін жазуда өзіндік ерекшелігі бар ақын. Н. Наушабайұлының еңбектеріне қарай отырып, жырмен өрілген шежіренің қасиетін көре аламыз. Бұл жерде, тек өлеңдік ұйқастық қана емес, тарихи фактілердің оңтайлы келтірілуі автор еңбегінің маңыздылығын көрсетіп тұрғандай [2; 17-19 бб.].

Зерттеу нәтижелері. ХХ ғ. қарсаңындағы ірі ғалым, қоғам қайраткерінің бірі М.Ж. Көпейұлының шығармасы ауызша тарих айту дәстүрін жинақтап, қағазға түсіруде ірі бір еңбек болып табылады. Ақын, ауыз әдебиеті мұраларын жинаушы М.Ж. Көпейұлы В.В. Радловпен кездескеннен кейін қазақтың ауыз әдебиеті мұраларын жинап, жүйелеп бастыру ісімен шұғылданды. Қазақтардың ауыз әдебиеті мұралары – дастандар, тарихи жырлар, айтыстар, шежірелер жинап, «Көрұғлы», «Ер Көкше», «Ер Сайын» дастандарын хатқа түсірді. Бұқар жырау, Үмбетей, Шернияз, Көтеш, Шөже ақындардың өлеңдерін, жыр-толғауларын ел аузынан жазып алып, фольклористер мен тарихшыларға мол материалдар қалдырды. Автор даланың әр түкпірінде болып, әртүрлі ақын, жырау, ертегішілер, шежіреші қариялар, ақсақалдармен жолыға отырып, солардан естіген әртүрлі шежіре нұсқаларын жазып, шығыс елінің ірі ғылыми, мәдени - ағарту орталықтары – Бұқара, Ташкент, Қоқан, Самарқандта болған болатын. Автор еңбегінің басты ерекшелігі, түпдерек ретінде тек, халық ауыз әдебиетінің бір саласы – шежірені пайдалануы. Ол шығыс пен батыстың мәдениетінен хабардар болса да, жергілікті шежірені дерек ретінде кеңінен пайдаланған [3; 11-16 бб.]. М.Ж. Көпейұлының еңбегінде жергілікті жердегі уақыт санау, ұрпақ саны, т.б. категориялар және жергілікті халықтың – «тындау, есте сақтау, ұрпағына жеткізу» тәсілі арқылы жеткен ауыз әдебиеті үлгілері кеңінен қолданылған. Ол естіген мағлұматтарын өзгертпей, сол күйінде ұсынған. Ондағы басты мақсаты, шамасы жеткенше әртүрлі шежіре нұсқаларын, тарихи оқиғалардың әр түрін ортақтастырып, солардан сараптау арқылы ұлттық тарихты жазып шығу болса керек. Сонымен қатар, өз еңбегінде мәліметтерді нақты тарихи уақыт бойынша емес, халықтың санасында маңызды орын алатындығына қарай отырып сипаттаған. Ол жерде, негізінен ұлы тұлғалар мен тарихи оқиғалар баяндалғанда, нақты жыл, ай, күннің көрсетілуі өте аз. Бір сөзбен айтқанда

М.Ж. Көпейұлының еңбегінде мұсылмандық жыл санау, не христиандық күнтізбе бойынша баяндалған уақыт жүйесін кездестірмейміз [3; 15-16 бб.]. Ол кісінің еңбегінде, 12 - жылдық дәстүрлі жыл санау уақыты немесе ұрпақ саны бойынша есептелетін жыл санау жүйесі (5 - атада, 3 - ұрпақта, т.б.) кеңінен

пайдаланған. *Шежірелік-жылнамалық* сипаттама жазылған бұл шығармада атакты билеушілердің іс-әрекеті қысқаша, тартыла баяндалып, шежірешінің өз пікірлері де беріледі. Ал, тарихи дерегі аз, тарихта белгісіз хандардың тек есімі ғана аталып өтеді. Қазақ хандығының негізін салған әз Жәнібек ханның шежіресі туралы М.Ж. Көпейұлы еңбектерінде әр түрлі деректер орын алған. Мұның өзі автордың мағлұматтарды жинастыруда бір ғана мағлұматпен шектелмей, барынша жан-жақты нұсқаларды қамтуға тырысқаны байқатады [3; 21-22 бб.]. Сонымен қатар, Көпейұлының шежіресінде Абылай хан, Төле би, Қаздауысты Қазыбек, Қабанбай, Бөгенбай, шанышқылы Бердікожа, Ұлбике, Шернияз сияқты тарихи тұлғалар жан-жақты сөз болады. Бұндай деректер Қ. Халид еңбегінде де көптеп кездеседі.

Қ.Халидтің «Тауарих хамса» (бес тарих) атты кітабы негізінен шағатай тілінен жазылған. 1910 жылы Қазан қаласындағы баспадан шыққан. Қ. Халид қазақтың көптеген қалалары мен ауылдарын аралап, тарихи-этнографиялық материалдар жинап Қазан, Уфа, Орынбор, Омбы қалаларында татар-башқұрт ақын-жазушылармен, ғұлама ғалымдармен, баспа қызметкерлерімен танысады. Алғашқы еңбектерінің бірі 1889 жылы Қазанда басылып шыққан «Тарих-и жәрәдә-и жәдидә» еңбегі. 1897 жылы қажылық сапарға шығып, жолшыбай көптеген Еуропа мемлекеттерінде, Түркияда, бірнеше араб елдерінде болып, тарихи шығармалармен танысады. 1910 жылы жинаған мәліметтері негізінде, Қазан қаласында «Тауарих-и хамса-и шарқи» (Шығыстағы бес елдің тарихы) атты еңбегі жарық көрді. Автор өз еңбегінде, жүрген жерінде естіген, жинаған, жазған материалдарымен шектеліп қана қоймай, өзінен бұрынғы ғалымдар жазған отызға жуық әртүрлі ғылыми еңбектерді де молынан пайдаланған. Оның ішінде, ат-Табари (IX ғ.), Ж. Баласағұн (XI ғ.), ибн-Халдун (XIV ғ.), Мирхонд (XV ғ.), Әбілғазы (XVII ғ.) секілді ортағасырлық озық ойлы ғалымдардың еңбектері мен өзінің замандастары - В.В. Радлов, А.Вамбери, Н.Катанов, т.б. шығыстанушылардың еңбектері бар. Еңбектің басты құндылығы, Қазақстан және Орта Азия жерін мекендеген тайпалар мен рулардың көне және ортағасыр заманының тарихына үңілтеді. Соның ішінде Қараханид, Алтын Орда, т.б. ел тарихында талдау жасалған және бір көңіл аударарлық мәселе - Батыс Қытай, Шығыс Түркістан елінің қалыптасу кезеңі жөнінде мәліметтер толығырақ берілген. Қ.Халидтің еңбегінің тағы бір маңыздылығы, қазақ халқының тұрмыс – тіршілігін, этнографиясын жан-жақты талдай-ды. Әсіресе, қазақтың өзімен бірге жасап келе жатқан ауыз әдебиеті мен мәдениетіне ерекше көңіл ауда-рады. Қазақ руларының шежіресіне талдау жасап, үрім-бұтақтарын таратады [1; 22-26 бб.]. Автор еңбегінде жыл санау өзіндік *ата жасасымен* жүзеге асады. Қазақ сөзінің шығу төркінін баяндағанда басты назар-ды – тәжік, түркі атауларын өзі түсінбегендіктен басқалармен таласуы ағаттық, өзгелер біздің қазақ тілін өз ордасынан да артық білем деп таласуына болмайтынына аудару керек екенін атап өтеді [1; 23-24 бб.].

Кезінде Абай атамыздың ауыл ақсақалдарымен тарих қойнауында жатқан тарихи аңыз-әңгімелер жайлы сөйлесіп, тарих туралы сырласуы, сол заманның көзі ашық азаматтарының халық ауыз әдебиетінің маңыздылығын түсіне білгеннің көрінісі болса керек. Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» атта жазбасында (әзір біз оны тарихи мақала санатына қосып жүрміз) қазақ халқының арасында тараған шежіре, аңыз-әңгіме атаулының қазақтың арғы шыққан тегін ислам діннің ыңғайына бұрып, араб сахабаларынан шығару сарынына қарсы, сол жалған танымға тойтарыс беру мақсатымен жазылғанын көреміз. Бұның басты себебі, біріншіден әкесі қажы бола тұрғанымен Абайдың қазақ шежірелеріндегі сарынның негізгі әуезін терең түсіне білгендігінде. Екіншіден, Ресей империясының Шығыстағы отар елдерінің шекарасын айқындағаннан кейін, қарапайым халық арасында діни-миссионерлік саясат мемлекеттік деңгейде жүргізіле бастады.

Абайды көріп, үлгі тұтып өскен немере інісі – Шәкәрімнің осы салаға қалам тартуына түрткі болған жағдайлар осы болуы да мүмкін. 1911 жылы Орынборда басылым көрген «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» деген іргелі еңбегі Абай дәстүрінің жалғасы ретінде болды. Қазақ ақыны, ойшыл - аудармашысы Шәкәрім орыс, араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгеріп, Батыс, Шығыс әдебиетін оқыды. Алғашында өлең жазудан бастаған ол, есейе келе қазақ поэзиясының философиясын дамытты. Абайдың жанында болуы, оның өмірге деген көзқарасын, тарихи танымын дамытты. 1905 жылы қажылыққа барған Шәкәрім Стамбұл, Париж кітапханаларынан қазақ халқының тарихына байланысты материалдарды жинап, тарихи еңбегін жазып, көптеген Батыс әдебиетінің үлгілерін қазақшаға аударды. Ал, Шәкәрім шежіресі алғаш рет 1911 жылы Орынбор қаласында Кәрімов пен Құсайыновтың біріккен баспасында жарық көрді [4; 15-25 бб.]. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін, тоталитарлық, геноцидтік саясаттың өршіп кетуінен, халыққа Шәкәрімнің атын айтуға, шежіресін пайдалануға тыйым салынды. Шәкәрім шежіресінің халықпен қайта жүздесуі 1991 жылы болды. «Жұлдыз» журналында Шәкәрімнің шежіресінің қазақша нұсқасы берілді. Шәкәрім қажының еңбегі жанрлық сипаты жағынан - *тарихи шежірелер* тобына кіреді. Бұлай айтуымыздың басты себебі, автор

өз еңбегінде батыстық тарихнамалық баяндау жүйесін көбірек пайдаланған. Батыс пен шығыс авторларының еңбектерін салыстыра отырып баяндау, кез-келген еңбекті сынау, күмән келтіру, кез-келген ауызша деректің басқа деректермен (жазбаша) дәлелденуі қажеттілігі, т.б. Шәкәрімнің еңбегін басқа еңбектерден ерекшелеп тұратыны айқын. Шығыс, батыс авторларын қолдана отырып, жергілікті ауызша тарих айту дәстүрін жаңаша бағытта зерттеуге жол ашқан ғұламаның еңбегінде дәстүрлі жыл санау (мүшелдік), ата жасы арқылы санау (ұрпақ жасы – 20-30 жыл) кеңінен қолданды [4; 24-25 бб.]. Шәкәрімнің еңбегінің тағы бір ерекшелігі, оқиғалар бей берекетсіз емес, өткеннен болашаққа, атадан – ұрпаққа қарай жүру бағытында баяндалып, рет-ретімен келтіруі мен таңбалар мен ұрандарды қатар қойып, салыстырып, оларға баға беруінде жатыр. Шәкәрімнің шежіресінен біз – кеңестік, оқиға, тұлға, уақыт айырмашылығы мен олардың баяндалуының өзіндік ерекшелігін көре аламыз. Шәкәрім бұл еңбегіне қатысты мағлұматтарды ХІХ ғ. аяғынан бастап жинастырып, ХХ ғ. басында бір жүйеге келтіріп, баспадан шығарған болатын. Шәкәрім шежіресінің негізгі ерекшелігі сонда, ол бірінші рет жүйелі түрде жинақталған қазақ шежіресін баспадан шығарған болатын. Оған дейінгі белгілі Әбілғазының «Түрік шежіресі» (кейде «Түркімен шежіресі») көбіне төрелердің, хан-сұлтандардың шежіресімен шектелсе, Шоқанның қазақ шежіресі жайлы зерттеулері аяқсыз қалды, ал ел ішінде ірілі-ұсақты, жақсылы-жаманды ауызша немесе қағазға түсірілген жүйеленбеген шежірелер көптеп кездесті. Шәкәрімнің еңбегінің басты маңыздылығы, қазақтардың дәстүрлі шежіре тарқату негізінде, жалпы түркі елдерінің ата-тегін, түп-төркінін таратуға ұмтылыс жасауында жатыр. Шәкәрім шежіресіне дейін, 1910 жылы баспадан шыққан, қазақ шежіресіне қатысы бар Қ. Халидтің еңбегі шағатай тілінде жазылған. Ал ол еңбек тек 1992 жылы қазақ тіліне аударылып, баспадан шықты. Сондықтан да, Шәкәрімнің шежіресін қазақ тілінде жазылған алғашқы еңбек ретінде айта аламыз.

Қазақ шежіресінің қазақ тарихындағы, қазақ қоғамындағы орнын анықтаған ғалым, саяхатшы-этнограф, географ Ш. Уәлихановтың еңбегі болатын. Қазақ шежіретануының осы бір аяулы азаматтың есімімен байланысты болуы бір ерекше жайт. ХІХ ғасырда Патша өкіметінің Қазақстан жағрафиясына кеңінен назар аударуының нәтижесінде, қазақ жеріне аттандырылған көптеген әскери-стратегиялық, зерттеу экспедицияларының қорытынды материалдарымен танысқан Шоқанның туған өлкенің этнографиясына, жағрафиясына деген қызығушылығы арта түсті. Оның үстіне, өзіне жақын деген адамдар санатына кірген, белгілі зерттеушілер Г.Н. Потанин, Н.Ф. Аннинский, Н.Ф. Костылецкий, И.Н. Березин, т.б. көзқарастары мен ұстанымдары туған өлкенің бай жағрафиялық, тарихи-этнографиялық мұрасына деген құмарлығын арттыра түсті [7; 28-36 бб.]. Н.Ф. Костылецкий бірнеше жылдар бойы қазақтың халық эпосын зерттеумен шұғылданып, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» поэмасының ежелгі нұсқасын орыс тіліне аударды. И.Н. Березиннің арқасында, Шоқан ертедегі жазба ескерткіштерді зерттеуге құлшыныс танытты. Г.Н. Потанинмен бірігіп жүргізілген этнографиялық зерттеулер де өз жемісін берген болатын. ХҮІІІ ғасырда жасалған ұлы шежірелердің бірі туралы сөз еткен Ш. Уәлиханов Шал ақын Құлекеұлының еңбегіне өзіндік баға береді. Шоқанның айтуынша, ол ақын Абылайдың замандасы. Шал ақын өз еңбегінде тарихи аңыздарды жинап, қазақтың түп-төркінін Алаша ханнан бастап, өз атасы Құдайбердіге дейін таратқан [8]. Шежіре арқылы, ғалым туыстық жағынан біріккен жақын рулар бас сауғалап, жаңа жерге келіп, сол жерге өздерінің рулық-тайпалық әдет-ғұрпын ала келіп, халықтар мидай араласып, әлсіздерді әлді рулар қосып алып, ірі-ірі жүз, ірі-ірі одақтар құрылғанын, халықтың әуелгі шыққан тегін ғылыми тұрғыдан дәлдікпен анықтаудың мүмкін еместігін, бірақ олардың аңыз-әңгімелеріндегі оқиғалардың нақтылы ақиқаттығымен таңдандыратынын айта келе, «дала жыр-дастандары өзінің қарапайым, ұғымды шынайылығымен – нақтылы өмірден алшақтамайтындығымен құнды. Онда, ертегідегі сенімсіз сиқырлы қимыл-әрекет кездеспейді... аңыз-дастандардағы тарихи оқиғалар, тегі қазаққа жақын Әбілғазы жазған «Түрік шежіресі» атты және сондай-ақ, әсіресе (Ждами, ат-таварих) шежіредегі деректерден алшақтамайды» деп жалпы шежіре мен ертегі, аңыз бен тарихи жырлар арасындағы айырмашылықты көрсетеді [7; 25-27 бб.].

Ғалым Ә.Н. Бөкейханов “Орта жүз. Қазақ рулары” деген атауымен жасаған 18 этникалық кестесі арқылы қазақ руларының қоныстануын көрсеткен. Ә.Н. Бөкейхановтың бұл шежіре-кестесінің деректері 1898-1899 жылдары жиналып, 1905 жылы Санкт-Петербургте жарияланған “Каргалинский уезд” кітабында (Ф.А. Щербина экспедициясының VI томында толық нұсқасы бар) жарық көрді. Өзіргі шежірелердің біразы ата таратуды Нұқ пайғамбардан бастаса, екіншілері қазақ нәсілін араб жұртынан туғызады, үшіншілері бүкіл Орта Азия халықтарын бір-ақ кісіден тартады, яғни ата таратуда әлі күнге дейін қалыптасқан бірізді жүйе жоқ. Осының бәрі онсыз да ұмыт болып, әрі әрбір ру-ата бойынша ауызекі айтылатын, ел жадында сақталған түрліше шежіре нұсқаларын бұрыңғыдан да шатастырып, ата-тегін білгісі келген жас ұрпақ өзінің этникалық тарихы, танымы жайында нақтылы

деректер ала алмай келеді. Бөкейханов кестесі де ХХ ғасырдың басында, нақ осындай олқылықты – шежіре таратудағы кереғарлықты біршама жүйеге бұрып нақтылау үшін, бұрын орын алып келген қате таратуларды түзету мақсатымен ұсынылған болу керек. Ә. Бөкейханов бұл деректерді Д. Сатыбалдин есімді көмекшісі екеуі 1898-1899 жылдарда қағазға түсірген. Кейбір ескертулеріне қарағанда, қазақ қауымы білетін барлық жазба шежірелерден әлденеше жыл бұрын қағазға түскен. Сол себепті бұл кестелердің нақтылығы ғылыми дәлдігі ерекше құнды. Екіншіден, Әлихан сынды шынайы ғалым адам өзі анық білмейтін жайтты қағазға түртіп, әрі оны жария етпесе керек-ті. Үшінші Ә.Бөкейханов Қарқаралы уезінің тумасы, демек ол өзі туып-өскен, ерекше жақсы білетін құндылығын көркейте түспек [14].

А.Байтұрсынов өз кезегінде әзірде шешімін таппай жатқан шежіренің ғылыми анықтамасы мәселесінің шешілуіне өзіндік әсерін тигізген болатын [9; 15-17 бб.]. Сондықтан, автордың осы мәселеге арналған мақаласын сол қалпында беруге шешім қабылдадық. Автор әдеби жанрлардың түрлеріне тоқтала отырып, әуезелерді «1) шежіре, 2) заман хат, 3) өмірбаян, 4) мінездеме, 5) тарих, 6) тарихи әңгіме және т.б. деп бөледі. Оның ішінде, Шежірені талдай келе, өткеннен дерек беретін сөздің бір түрі ретінде көрсетеді. Шежіреде уақиғадан гөрі өткендердің түс, туысы көп айтылады. Сондықтан шежіре уақиға сарынымен емес, уақыт, туыс сарынымен айтылатын әуезе табына жатады. Шежіре болған уақиға жайынан сөйлесе, себебін, мәнісін айтпай, тек болғанын айтады да қояды» дей келе, тарих сөзіне анықтама береді [9; 125 б.]. «Шежіре, заман хат, өмірбаян, мінездеме - бәрі де тарихтың жемі есебіндегі нәрселер. Тарих олардың айтқанының бәрін ала бермейді. Аударып, түрлі жағынан қарап, түрлі мағлұматтармен салыстырып, сипатталған мағлұматтарды ғана алады. Тарихшылардың мақсаты уақиға-ның уақытын ғана көрсету, не түрде болған тысқы сиқын ғана көрсету емес, ол уақиғаның болуына нендей нәрселер, нендей уақиғалар себеп болғанын көрсетіп, ішкі мәнісімен де таныстыру» екенін атап өтеді [9; 125-127 бб.].

Қазақ зиялылары қазақ шежіресін зерттей отырып өзіндік тұжырымдамаларын берген. Мысалға, М.Дулатов – «Қазақ...ар жағында көп заман бұрын өзінің хандары болып, өзін-өзі билеген, ежелден қазақ атанған түркі жұртының бір тарауы...бұны шежіре дәлелдесе керек... Қара халықтың ұғымынша, “атамыз Адам пайғамбар...” деп, бәрі де жаттап алған құрғақ шежірені саулата берумен, қазақ пен қырғыздың тегін еріксіз “пәлен әулие, түген сахабаға” апарып телумен нағыз тарих...оқымысты, білімді азаматтарға аян» деген ойын білдірген. Ал, Х.Досмұхамедұлы – «... халық ауыз әдебиетінің – шежіре (родословная) аталатын бір бөліміне кіріспе қызметін атқара алады... осындай хандар шежіресі де бар. өлеңмен жазылған, поэма түріндегі шежірелер де ұшырасады ... Шежіренің мынандай түрлері бар: а) жеке адам, ә) тайпа, б) рулар, в) ата, г) хан» десе, А.Байтұрсынұлы – «1. Шежіре жазушылар естіген-білгенін сол қалпында, шикі түрінде тізеді...Тарихшылар құр істегенімен қанағаттанбай, рас, өтірігін тексеріп, расын алады...Шежіре, заманхат, өмірбаян, мінездеме – бәрі де тарихтың жемі есебіндегі нәрселер. Тарих олардың айтқанының бәрі ала бермейді. Аударып, ақтарып, түрлі жағынан қарап, түрлі мағлұматтармен салыстырып...сипатталған мағлұматтарды ғана алады» деген тұжырымдама жасаған [9; 125 б.]. А.Байтұрсынов осы айтқандарында, тарих пен шежіренің айырмашылығын көрсете отырып, оны ғылыми түрде ажыратып көрсетеді. Бұл жерде келтірілген анықтамалардың өзін терең талдаудың қажеттілігі шамалы. Себебі, автор бәрін қазақ тілінде, түсіндіруге және түсінуге оңай тілмен жазған. Ахмет ағамыздың серіктесі М.Дулатовта өз кезегінде осы мәселеден шет қалмаған [9; 45-47 бб.]. Х.Досмұхамбетұлы ХХ ғ. басында халық шежіреші қариялардың аузынан жазып алынған шежірелерді баяндап қана қоймай, оған сын көзбен қарайды [16]. Сондай бір шежіренің 1920 жылы, білгір шежіреші молда, иман ақсақал Шонтаевтың аузынан алынғаны жайлы айта келе, автор ондағы мәліметтерді тарихи деректермен қатар қойып салыстырады. Мысалға, Жалаңтөстің түп-тұқиянын түгелдей келе, ондағы айтылған мәліметтердің жалпы көрінісін Вамбери, Левшин, Тынышбаев еңбектеріндегі фактілермен салыстыра аламыз [11,12,13]. Ол кезеңде (ХҮІ-ХҮІІ ғғ.) саны көп, ықпалды рулардың рубасылары саяси аренада үлкен салмаққа ие болғанын, оны Шейбаниліктерде, аштрахандықтарда түсінгенін, сол арқылы, жергілікті билікті ұйымдастыруға тырысқанын айта келе, автор кейбір аңыздарды мысал ретінде береді [10; 111-117 бб.].

Қорытынды. Мақаланы қорыта келе, қазақ шежіресі жайлы жазған қазақ зиялыларымыздың еңбектерін салыстырмалы түрде көрсетсек;

1. Н.Наушабайұлы. Еңбегі - Мәнзұмат Қазақия. Сипаты - Қазақ ру -тайпаларының шежірелері. Жанры – аралас. Жыл санау жүйесі – мұсылмандық. Пайдаланылған дерек көздері – шығыстық және жергілікті дереккөздер.

2. Қ.Халид. Еңбегі – Тауарих Хамса. Сипаты – аралас шежіре (хандар шежіресі басым). Жанры – тарихи шежіре. Жыл санау жүйесі – ата жасымен санау басым. Пайдаланылған дерек көздері – шығыстық және жергілікті дереккөздер.

3. М.Көпейұлы. Еңбегі – Қазақ шежіресі. Сипаты – ру-тайпалар шежіресі. Жанры – әдеби шежіре. Жыл санау жүйесі – дәстүрлі мүшелдік жыл санау жүйесі басым. Пайдаланылған дерек көздері – шығыстық және жергілікті дереккөздер.

4. Ш.Құдайбердіұлы. Еңбегі - Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Сипаты – аралас, хандар шежіресі басымдау. Жанры – тарихи шежіре. Жыл санау жүйесі – аралас (христиандық жыл санау жүйесі басым). Пайдаланылған дерек көздері – батыстық, шығыстық және жергілікті дереккөздер [15].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Халид Қ. Тауарих Хамса (Бес тарих) / ауд. Б. Төтенаев, т.б. Алматы: Қазақстан. 1992.
2. Арғынбаев Х., және б. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы: Атамұра, 2000. Рычков П.И. История Оренбургская (1730-1750). – Оренбург: ОГСК. 1896.
3. Көпеев М.Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы: Жалын. 1993.
4. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан және Сана. 1991.
5. Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей / под.ред. М.К. Козыбаева. – Алматы: Санат. 1996.
6. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. – Ташкент. 1889.
7. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Ғылым. 1985.
8. Потанин Г.Н. Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки. – Петроград.: Тип. В.Д. Смирнова. 1917.
9. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын. 1991.
10. Қазақ шежірелері және ұлттық таным мәселелері. ҚР БҒМ ОҒК өткен ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы. 2004.
11. Тынышбаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. – Ташкент. 1925.
12. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. – Алматы: Санат. 1994.
13. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар: ғыл.-зерт. мақалалары. – Алматы: Жазушы. 1985.
14. Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы. 1994.
15. Абақ Керей. Күйтің: Іле халық баспасы. 1994.
16. Peter Rottier. Legitimizing the Ata Meken: The Kazakh Intelligentsia Write a History of Their Homeland, *Ab Imperio*, 1/2004, pp. 467-486, URL: <https://muse.jhu.edu/article/559996/pdf> (қаралған күні: 01.07.2022 жыл, Мичиган мемлекеттік университеті кітапханасы)

References:

1. Khalid K. *Tauarikh Khamsa (Bes tarikh) [Tauarikh Khamsa (Fivehistory)]* / aud. B. Totenaev, ets. *Almaty: Kazakstan. 1992. [in Kazakh]*
2. Argyubaev X., ets. *Kazak shezhiresi khakynda [About Kazakh geneology]. Almaty: Atamura. 2000. [in Kazakh]*
3. Kopeev M.Zh. *Kazak shezhiresi [Genetics of Kazakhs]. Almaty: Zhalyyn. 1993. [in Kazakh]*
4. Kudaiberdiuly Sh. *Turik, kyrgyz-kazak ham khandar shezhiresi [Turkish, Kyrgyz-Kazakh Khan Church]. Almaty: Kazakstan zhane Sana. 1991. [in Kazakh]*
5. Levshin A.I. *Opisanie kirgiz-kazachikh ili kirgiz-kaisatskikh ord i stepei [Description of Kyrgyz-Cossack or Kyrgyz-Kaisak hordes and steppes] / pod.red. M.K. Kozybaeva. Almaty: Sanat. 1996. [in Russian]*
6. Grodekov N.I. *Kirgizy i karakirgizy Syr-Darinskoi oblasti [Kyrgyz and Karakirgiz of the Cheese-Darya region]. Tashkent. 1889. [in Russian]*
7. Ualikhanov Sh. *Tandamaly [Selected works]. Almaty: Gylym. 1985. [in Kazakh]*
8. Potanin G.N. *Kazak-kirgizskie i altaiskie predaniia, legendy i skazki [Kazak-Kyrgyz and Altai traditions, legends and fairy tales]. Petrograd.: Tip. V.D. Smirnova. 1917. [in Russian]*
9. Baitursynov A. *Ak zhol [White way]. Almaty: Zhalyyn. 1991. [in Kazakh]* Ryckov P.I. *Istoriia Orenburgskaia [History of Orenburg](1730-1750). Orenburg: OGSK. 1896. [in Russian]*
10. *Kazak shezhireleri zhane ul'tyik tanym maseleleri. 2004. [Kazakhstan's genetics and issues of national status]. KR BGM O GK o'tken gylimi-praktikalyk konferentsiia materialdary. Almaty. 2004. [in Kazakh]*

11. Tynyshbaev M. *Materialy k istorii kirgiz-kazakhskogo naroda* [Materials on the history of the Kyrgyz-Kazakh people]. Tashkent. 1925. [in Russian]
12. Bekmakhanov E. *Kazakstan XIX gasyrdyn 20-40 zhyldarynda* [Kazakhstan 20-40 years of the 19th century]. Almaty: Sanat. 1994. [in Kazakh]
13. Margulan A. *Ezhelgi zhyr-anyzdar* [Ancient poems and legends]. Almaty: Zhazushy. 1985. [in Kazakh]
14. Mynzhan N. *Kazaktyn kyskasha tarikhy* [Extreme history of Kazakhs]. Almaty. 1994. [in Kazakh]
15. Abaq Kerei. [Abak kerey] *Kuitin: Ile khalyk baspasy*. 1994. [in Kazakh]
16. Peter Rottier. *Legitimizing the Ata Meken : The Kazakh Intelligentsia Write a History of Their Homeland, Ab Imperio*, 1/2004, pp. 467-486, URL: <https://muse.jhu.edu/article/559996/pdf> (Access provided at 07/1/2022 21:34 GMT from Michigan State University). [in English]